



Білім берудегі инновация
және уақыт талабы

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев
«Қазақстан–2030» Қазақстан халқына
арналған жолдауында:

- Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл процесс педагогика теориясы мен оқу – тәрбие процесіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.



Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалады.

Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті:

- әдіс -тәсілдерді дұрыс таңдау*
- жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу*
- жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.*

Күнделікті сурет салу оқу іс-әрекетінде дәстүрлі емес инновациялық тәсілдер қолдануға болады.

Мәселен: Бала сурет салуда тек қана қыл қаламмен сурет салып қоймай неше түрлі түтікшелерді, жіптерді, трафареттерді, тіс пастасы мен тіс щеткасын, қайнатылған ас бояғыштарын, кептірілген жапырақтарды, қолданады.

«Бақ-бақ гүлі» тақырыбы бойынша іс-әрекетті ұйымдастыру үшін ең бірінші қайнатылған азық –түлік бояғыш заты керек. Тіс щеткасымен бояуды алып бақ-бақ гүлін саламыз. Ал шөптерді салу үшін, тағыда тіс щеткасын жасыл бояуға батырып алып саусақпен тіс щеткасының тістерін қағу арқылы шашыратамыз. Соңында керемет «Бақ-бақ» гүлі өскен алаңқайды бейнелей аламыз.

*Ыдыс жууға арналған сұйықтық арқылы
көпіртілген суға гуащты тамызып, түтікшемен
үрлеу арқылы фон бейнелеуге болады*

*Қағазға алдын ала желім жағып жарма ұнтағын
сеуіп оның үстіне керемет бейнелер жасауға
болады.*

Жапырақты таңбалау

Қажетті заттар: қағаз, гуашь, түрлі ағаштардың жапырақтары,(түсіп қалған), қылқалам.

Бейненің жасалу тәсілі: бала ағаштың жапырақтарын түрлі түстерге бояйды, сосын боялған жағымен қағазға таңбалайды.Келесіде басқа жапырақ алынады. Жапырақтың түбін бейнелеп аяқтауға болады.

Түрлі техникаларды пайдалана отырып,балалардың мүмкіндіктерін анықтаудағы бірнеше сабақ топтамасын өткізу барысында балалардың бояуларды қолдануда дәстүрлі емес техникаларды игеруге икемдері бар екені байқалады. Бейнелеу-шығармашылық мүмкіндіктері нашар балалардың көрсеткіштері жылдың басындағы деңгейлерінен жоғарлағаны байқалады, дәстүрлі емес техниканы қолдану арқасында тақырыпқа деген қызығушылықтары артып, түстерді қабылдау мүмкіндіктері жақсарды.

Шырақ және акварель

Қажетті заттар: шырақ, қатты қағаз, акварель, қылқаламдар.

Бейненің жасалу тәсілі: бала шырақпен қағазға сурет салады. Содан соң қағаздың бетін бір немесе бірнеше түспен бояйды. Шырақпен салынған сурет боялмай ақ түсті болып қалады.

Затты монотипия

Қажетті заттар: қатты қағаз, қылқалам, гуашь немесе акварель.

Бейненің жасалу тәсілі: бала қағазды екіге бүктеп, бір бөлігіне суреттің жартысын салады(симметриялық суреттер таңдалады). Сурет салынып болғасын бояуы кеппей тұрып қағазға таңбалану мақсатында оны екіге бүктейді. Содан соң суретті безендіруге болады. Безендірген соң қағаз бүктеледі.

Бүрку

Қажетті заттар: қағаз, гуашь, қатты қылқалам, қатты қағаздың немесе пластиктың қиығы.(5x5)

Бейненің жасалу тәсілі: бала қылқаламды бояуға малып қағаздың үстінде ұстап тұрған қатты қағазға қылқаламды соғады. Содан соң акварельмен қағазды бір немесе бірнеше түске бояйды. Бояу қағазға шашырайды.

Жіппен сурет салу

Қажетті заттар: Қағаз, жіп, желім

Бейненің жасалу тәсілі: Қағазға алдын ала бейнеленген суреттің жиегіне жіп жапсыру және бейне ортасын жіп қиындыларымен толытру арқылы суреттеу.
(аққала, гүл, үй)